



Аграршылардың айы оңынан туа ма?

Биылғы көктемгі егіс науқаны алдындағы кезекті облыстық агрокеңес Бұқар жырау ауданында өтіп, оған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров пен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, аудандар әкімдері мен ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшылары, фермерлер, қаржы институттары мен агробизнес өкілдері, аграршы ғалымдар қатысты.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол басталмас бұрын жиынға қатысушылар қаз-қатар тізілген жаңа техникалармен танысты. Олардың арасында Оңтүстік Қазақстан облысының Ордабасы ауданындағы «Казкиоти» ЖШС қытайлық қосалқы бөлшектерден құрастырып, жинаған доңғалақты, күші 90 аттық 3 «DONG TENC-904» және 140 аттық күшіне ие 2 «Wuzheng 1400» тракторлары бар. Аталған серіктестіктің маркетинг-менеджері Мария Нұрмаханнұлы айтуынша, бұлардың бағалары 10 миллион 200 мың теңге мен 14 миллион 700 мың теңгенің аралығында қолжетімді болғандықтан жыл басынан бері қарағандылық фермерлер 60-ын сатып алған көрінеді. Бұл жерде өзімізге бұрыннан таныс «Беларусь» тракторлары мен ресейлік жатқалар, тіркемелі жанбырлатқыштар да ұсынылған. Әрі қарай жайма сөрелерге жергілікті қолөнер шеберлері жасаған бұйымдар мен шаруашылықтар өндірген азықтүлік өнімдері қойылыпты.

Бұдан кейін аудандық Мәдениет үйінде жалғасқан пленарлық мәжілістің тізгінін облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қолына алып, ең бірінші сөйлеген Ауыл шаруашылық министрі Айдарбек Сапаров еліміз бойынша алдағы көктемгі егіс науқанына дайындықтың барысына тоқталып, мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкіметіміз бен министрлік тарапынан енгізілген өзгерістер мен жаңалықтарды, қабылданған шараларды сөз етті. Атап айтқанда, біріншіден, фермерлерге 5 пайызбен несие беру мәселесі



шешімін тапқан екен. Бұрын егіс жұмыстарына қаражат мамыр айында ол орталаған немесе аяқталған кезде түсіп, өнім бағасына әсер етіп, қымбаттап кететін. Өйткені бәрі қарызға алынып, соның 40-50 пайызын қайтаруға тура келуші еді. Ал, осы маусымда жеңілдетілген несие алу үшін өтінімдер қараша айында қабылдана бастаған. Себебі, уақытында келіп түскен қаржы барлық негізгі құралдар – тұқым мен тыңайтқыш, техниканы, тағы басқаларын тиісті бағасына сатып алуға мүмкіндік береді. Бұл арада жеткізушілер төлем қабілеті бар сатып алушы үшін бәсекеге түседі.

Көктемгі дала және егіс жұмыстарына берілетін жеңілдетілген несие бағдарламасы биыл да жалғасын тауып, оның сомасы жеткізгі 580 миллиард теңгеден


700 миллиард теңгеге дейін жеткенін айтты министр.

Енді, бұл несиелерді шаруалар Аграрлық несие корпорациясынан, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, коммерциялық банктер, несиелік серіктестіктер, өңірлік инвестициялық орталықтар микроқаржы ұйымдары арқылы алуына болады. Соның ішінде оны әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларынан алудың тиімділігін көрсеткен министр Ермағанбет Бөлекпаевтан бұл істі Қарағанды облысында да бастауды сұрады.

Қарыз алудағы кепіл тапшылығы негізінен ауыл шаруашылығына тән екені белгілі. Соны болдырмауға арналған мемлекеттік кепілдік оның 85 пайызын жабатын болса, қалған 15 пайызын қарызданушы толтырады.

Қазірде сенімді, өнімділігі жоғары техникасыз мол өнім алу мүмкін емес. Өкінішке орай, біздегі ескірген техника паркін жаңартудың қарқыны бәсең. Сол себепті, көпшілік үшін сапалы техника қолжетімсіз болып қалған. Осыдан былай техника алуға да 5 пайызбен жеңілдікті несие бағдарламасы іске қосылған. Оның көлемі өткен жылғы 120 миллиард теңгеден 200 миллиард теңгеге дейін көбейтілген. Бұрын шаруа мемлекеттен субсидия күтіп, оны 23-25 пайыз толық мөлшерлемесімен төлеп келсе, енді оның шарттары әлдеқайда жақсарды: жеңілдікті лизинг, техниканы кепілге қою, бастапқы жарна –инвестициялық субсидия. Бүгінгі таңда соған Қарағанды облысы бойынша 5,4 миллиард теңге сомасына 2,8 мың өтінім жасалыпты.

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ



ДАМУДЫҢ 6 ЖЫЛЫ

Тағы бір қолдау шарасы – Азықтүлік корпорациясынан форвардтық сатып алу. Ағымдағы жылы бұл сатып алуға 30 миллиард теңге бөлініп, 2025 жылғы форвардтық сатып алу шарттарын Азықтүлік корпорациясы бекіткен. Жалпы алғанда бұл шарттардың өткен жылғы шарттардан ерекшелігі жоқ. Алайда, майлы дақылдар өндірісіне несие беру лимитін ұлғайту көзделген және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің құжаттарды электронды түрде беруі мен қабылдау тетігі алғаш рет сынақтан өткізілімек. Егер 2024 жылы облысымыздағы бір ғана тауар өндірушіден 7 миллион теңгеге жалғыз өтінім түсіп, 112 тоннаға келісімшарт жасалса, 2025 жылы ешқандай өтінім түспеген. Бұл құралды қарағандылық шаруалар пайдаланбай отырғанына қынжылыс білдірді министр.

Айдарбек Сейіпұллы өз сөзінде агробизнесінің тиімділігін арттыру үшін агротехниканы сақтаудың маңыздылығын да атап өтті. Мысалы, минералды тыңайтқыштарды 30 пайызға енгізу егістік алқаптарының нәтижесін жақсартып, агробизнесінің кірістілігіне әсер етеді. Республика бойынша міндет егістікке 1,9 миллион тонна тыңайтқыш енгізу болса, біздің облыстың жоспарлағаны – 93 мың тонна. Қарағанды облысына 17 сәуірге дейін соның 11 мың тоннасы тиіп-жөнелтіліп, оның көлемін ұлғайту қажет болады. Өйткені тыңайтқыштарға қолданылатын субсидия 60 пайызға дейін көтеріліп отыр. Осы мақсаттарға жергілікті бюджеттерде 2025 жылы 35 миллиард теңге, соның ішінде Қарағанды облысында 985,2 миллион теңге бөлінсе, Үкімет резервінен қосымша бөлінгені – 48,4 миллиард теңге де, ал, облысымыз бойынша – 1 миллиард теңге.

► 2-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Хьюстоннан қуанышты хабар

АҚШ-тың Хьюстон қаласында өткен FIRST Championship 2025 мектеп инженериясы чемпионатында қарағандылық екі команда жоғары нәтиже көрсетті. Core Values Coopertition Winner номинациясында үздік атанды. Осындай деңгейдегі үздік нәтиже – Қазақстан тарихындағы алғаш рет.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Үш жас санаты мен түрлі аталымдар бойынша әлемнің 50 елінің 1058 командасының құрамында 110 мың қатысушы бақ сынасты. Жоғары бәсекелестікке қарамастан, «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының қарағандылық Jeltoqsun командасы 258 команда арасында роботтар ойыны бойынша топ-20-ға енді. Осы мектептен Rasslexx Core Values Coopertition Winner номинациясында чемпион атанды.

Хьюстонда ел намысын жеті команда қорғады. Қазақстан құрамасы барлық үш жас санатында рекордтық жетістіктерге жетті. Құрама барлығы алты марапатқа ие болды. Қарағандылықтардан басқа Астана, Алматы және Павлодардан жинақталған жас инженерлер жеңіске жетті.

Жол мәселесі жолда қалмайды

Биыл орталық облыста 673 шақырым автожолды жөндеу жоспарланды. Жүйелі жұмыстар республикалық және облыстық жолдарды, қалалар мен ауылдардың ішіндегі жолдарды қамтиды. Сапаға ерекше назар аударылады: әрбір нысан мамандардың оң қорытындысы болған жағдайда ғана тапсырылады. Аталған кешенді іс-шаралар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмалар аясында іске асып жатыр.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Автокөлік жолдарының жай-күйі – өзекті мәселе. Мен бұл туралы осыған дейін де айттым. Биыл елімізде 12 мың шақырымға жуық жол салынып, жөнделіп жатыр. Қазақстанда мұндай ауқымды жү-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

мыс бұрын-соңды болмаған. «Астана-Алматы», «Ақтөбе-Атырау-Астрахань», «Талдықорған-Өскемен» бағытындағы күре жолдарды қайта жаңғырту жұмыстары аяқталып қалды. 2,5 мың шақырымға созылатын облысаралық және ауданаралық жолдарды орта деңгейде жөндеуге арналған бағдарламаның мән-маңызы зор. Дәл осы жолдармен жүрт өте жиі жүреді. Сондықтан, бағдарламаның ауқымын кеңейтіп, оған кемінде 10 мың шақырым жолды қамтуды тапсырамын, – деді Президент.

Иә, бүгінгі таңда жол құрылысы мен жөндеуіне қойылатын талаптар тек асфальт сапасымен шектелмейді.

► 3-бет

**ORTALYQ
QAZAQSTAN**

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, редакцияда және Kaspi QR арқылы ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 ай 10 447,44 тг
Жеке жазылушылар	6 айға 3 386,60 тг
Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 айға 5 882,60 тг
Жеке жазылушылар	6 айға 3 074,60 тг

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

Мекенжайымыз:

Ермеков көшесі, 33 үй,
8-қабат

Аграршылардың айы оңынан туа ма?



(Соңы. Басы 1-бетте).

Бүгінде тұқым материалының сапасын арттыру да маңызды. Оған сараптама бюджет қаржысы есебінен жүргізілгеніне қарамастан сол бұрынғы шаруашылықтар тексеріске тұқымдық емес, тауарлы астықты тапсырады. Сондықтан, әкімдік тұқымдардың сараптамадан толық өтуін қамтамасыз етуі керектігін де министр еске салды.

Айдарбек Сапаров айтқаннан тағы бір аңғарған жаңалығымыз – жеңілдікті несиенің мал шаруашылығын дамытуға да берілетіні. Ол әр кәсіпорынның өз мал шаруашылығы болуын көздейді. Сонда ауыл тұрғындарының жыл бойы тұрақты жұмыс істеуіне жол ашылады. Сол мақсатта бастапқы кезеңде ірі қара мен ұсақ малды бордақылау алаңдары үшін 50 миллиард теңге сомасында қарыз беру қарастырылған.

Сол сияқты ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласына да 2024 жылдан бастап 35 миллиард теңге бағытталса, биыл осы мақсаттарға 48 миллиард теңге көзделіп отыр.

Сөзінің соңында министр субсидиялау бойынша қарыздарды өтеуге тоқталып, оны шешудің

жолдарын да айтып өтті.

Келесі кезекте облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов өткен жылғы күзгі жиын-терімінің қорытындыларына тоқталып, биылғы көктемгі егіске дайындық барысы жайлы баяндады. Облыс дикандары 2024 жылы 1,3 миллион тонна астық, 373 мың тонна картоп, 71,9 мың тонна көкөніс, 32,4 тонна майлы дақылдар өнімін жинап, еліміздің азықтүлік қорын жасауға мол үлес қосқан. Енді олар 2025 жылы 1,2 миллион гектарға (2024 жылғыдан 32,7 мың гектардай артық) егін егу мен 16 мың гектарға картоп отырғызуды жоспарлаған. Облыс бойынша суармалы егістікті 46 мың гектарға жеткізу көзделген.

Қазір алдағы науқанға қажет техникалар сапқа қойылып, 109 мың тонна тұқымның 90 пайызы сараптамадан өткізіліп, облысқа бөлінген 13,3 мың тонна дизель отынының әр литрі фермерлерге 250 теңгеден босатылуда. Сонымен, бұл жауапты кезеңді мамыр айының 10-30 күндері өткізіп, аяқтап шығу міндеті тұрғанын мәлімдеді Бауыржан Асанов.

Агрокеңес өтіп отырған Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын осы көктемде жергілікті



дикандар 146 мың гектарға (2024 жылғыдан 11,8 мың га.артық) дөңді, 8 мың гектарға майлы, 14 мың гектарға жем-шөп дақылдарының тұқымы себіліп, 2500 гектарға картоп, 200 гектарға көкөніс отырғызылатынын мәлім етті. Осыған қажет 18 мың тонна дөңді дақылдар, 8 мың тонна картоп тұқымы әзірленіп, 14,5 мың тоннасы сараптамаға тапсырылған. Сондай-ақ, 3,5 мың тоннадан астам тыңайтқыш және 33 мың литр пестицид сатып алынса, бұл қажеттіліктің 82 пайызын құрайды.

Аудан бойынша бұл науқанға 300-ден аса агроқұрылым қаты-

сып, олардағы 1318 трактор 226 тұқымсепкіш, 36 егістік кешенінің дайындығы 96 пайызды құрайды.

Егер жыл басынан бері ауданға 12 ауыл шаруашылығы техникасы мен құрал-жабдықтары сатып алынса, тағы да 8 шаруашылық 250 миллион теңгеге 13 техника сатып алуға өтінім жасаған.

«Кең дала» бағдарламасы аясында көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу мақсатында ауданның 26 шаруашылығы жалпы 841 миллион теңге қаржылай қолдауға ие болған.

Кешеге дейін аудандағы 131 агроқұрылымға 2,5 мың тонна дизель отыны бөлініп, қазіргі уақытта оператор «RetaLi Trade Oil»

мерзім екенін жария қылды.

Ал, «Майлы дақылдар тәжірибе шаруашылығы» ЖШС директоры Фарид Әбітаев Орталық Қазақстан өңірінде, соның ішінде, майлы дақылдардан құнбағыс егудің тиімділігін ғылыми тілмен дәлелдеп берді. «Агросактандыру» компаниясының өкілі Салтанат Сатыбалды фермерлерді табиғи және басқа да апаттардан қорғану үшін өз активтерін сақтандыруға шақырды. «Агро-не-сисе корпорациясы» АҚ облыстық филиалының директоры Асқар Рахимов қаражат пен лизинг несиелерін алған шаруалардың ісі алға басып отырғанын айтып, өткен жылы 109 агроқұрылымға 7,5 миллиард теңгенің несиесі берілгенін, оны филиалдың 7 аудандағы 10 қаржы серіктестігі жүзеге асыратынын хабарлады.

«Слайборкер» фирмасының Қазақстандағы ресми өкілдігінің директоры Нұрлан Танкимов елімізде, соның ішінде Қарағанды облысында агродрондарды ауыл шаруашылығы жұмыстарына кеңінен қолдануды ұсынды. Олардың тиімділігі сонда, адами ресурстарды қажет етпей, қолайсыз ауа райы мен ыңғайсыз жер бедеріне қарамай, егістікті бақылап, тіпті минералды тыңайтқыштарды себуге де қабілетті.

Агрокеңес соңында Қазақстанның Еңбек Ері, Нұра ауданындағы «Шахтер» ЖШС директоры Георгий Проконка сөз беріліп, ол өзі басқаратын шаруашылықтың дикандары биыл 42 мың гектарға егін салатынын, оған техникасы мен тұқымы, жанар-жағар майы да 100 пайыз дайын екенін жеткізді.

«Кенесіп пішкен тон келте болмас» дегендей, агрокеңесте бас қосып, ақылдасқан аймақ аграршылары алдағы науқанды абыроймен атқарарына сенім зор.

Бұқар жырау ауданы

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Өнім өндіруде өсім бар

Облыс экономикасының дамуы оң динамикасын сақтап отыр. Жыл басынан бері өсім шамамен 13%-ды құраған. Өсімнің барлық негізгі көрсеткіштер бойынша байқалатынын атап өткен жөн. Өнеркәсіп және аграрлық өнім өндірісі, инвестиция, құрылыс, сауда және тағы басқа да салаларда өсім бар. Ал, жыл соңына дейін 4,1 трлн теңгелік өнеркәсіп өнімдерін өндіру жоспарланған. Аймақтың қантар-наурыз айлары аралығындағы әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелері туралы аппараттық жиында мәлімденді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық экономика басқармасының басшысы Татьяна Аблаеваның мәлімдеуінше, аймақ экономикасының өсу қарқыны 12,9% деңгейінде қалыптасқан.

– Өнеркәсіп өнімдері 1 088,7 млрд теңгеге өндірілді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15,1%-ға артық. Өсім машина жасау, қара және түсті металлургия, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру, құрылыс индустриясы, химия және жеңіл өнеркәсіп, азық-түлік өндірісінде қамтамасыз етілген. Тау-кен өнеркәсібінде көлем 12,7%-ға өсті. Өсім көмір және металл кендерін өндіруде де қамтамасыз етілді, – деп хабарлады экономика басқармасының басшысы Татьяна Аблаева.

Дерекке сүйенсек, облыстың негізгі капиталына 165 миллиард теңгеге жуық инвестиция құйылған. Оның ішінде, ауыл шаруашылығына құйылған инвестиция – 180,1%, өңдеу өнеркәсібі – 172,1%, құрылыс – 109,3%, сауда – 5,6 есе, тұру және тамақтану қызметі 3,8 есе, білім беру 3,4 есе өскен.

Байланыс қызметінің көлемі 6,6 млрд теңгені құраса, ауыл шаруашылығында жалпы өнім (қызмет) көлемі шамамен 35 миллиард теңгеге құраса, оның 97 пайызы немесе 34 миллиард теңгесі мал шаруашылығы өнімдері екенін атап өткен жөн.

– Жыл қорытындысы бойынша 30-дан астам инвестициялық жобаны іске асыру жоспарда. Оның ішінде 17-сі өнеркәсіпте, онда 2,7 мың жұмыс орны құрыл-мақ. Silk Road Electronics зауытында Samsung теледидарлары мен кір жуу машиналары шығарыла бастайды. Осакаров ауданында «Гиперборей» компаниясы қуаты 150 МВт болатын алғашқы жел электр станциясын іске қоса-



ды, – деп атап өтті өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев.

Одан бөлек, «Qarmet»-те болат өндірісінің өсімін 4,4%-ға, шойын өндірісін 6%-ға, прокатты 5,1%-ға, «Қазақмыс» кәсіпорнында мысты 3,2%-ға арттыру есебінен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, «Тен-гри Тайрз» 15,6 млрд теңгеге 1,2 млн автокөлік шинасы, «Силк Роуд Электроникс» компаниясында 19,9 млрд теңгеге 423 мың дана тұрмыстық техника, «Казтехнада» 135,5 млрд теңгеге 2 334 автобус пен арнайы техника тағы басқа өнімдер өндірілетін болады.

Кеңесте тұрғын үй құрылысы туралы да баяндалды. Жыл басынан бері 54 мың шаршы метр пайдалануға берілді. Әлеуметтік осал санаттағы кезекте тұрғандар-

ды қамтамасыз ету үшін бастапқы нарықта пәтерлер сатып алынады. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен қаражат бөлінген.

Құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 63,2 млрд теңгеден астам соманы құрады. Сонымен қатар, 54 (53 626) мың шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға беріліп, ішкі саудадағы сату көлемі 880,5 млрд теңгені құраған.

Биыл Қарағанды қаласында жалпы көлемі 438,7 мың шаршы метр пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бұл 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 10%-ға артық.

Бұл көрсеткіш 6,5 мыңнан астам отбасына жаңа пәтермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, жыл соңына

дейін ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемін 522 млрд теңгеге немесе 2024 жылға қарай 106,4%-ға (490,7 млрд теңге) жеткізу жоспарлануда.

Дерекке сүйенсек, ауыл шару-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Теміртау қаласы өнеркәсібінің негізі металлургия болғанына қарамастан, мұнда да машина жасау, химия өнеркәсібі және құрылыс материалдары өндірісі сынды сабақтас салаларды дамытуға күш салынууда. Бұл – бір секторға тәуелділікті азайтып, тұрақты өсуді қамтамасыз етеді.

Бұл ретте өсу қарқынына өткен 2024 жылы іске асырылған «KazMetKoks» ЖШС және «Окс Қазақстан» ЖШС сияқты инвестициялық жобалардың өндіріс көлемінің өсуі, сондай-ақ, ағымдағы жылға жоспарланған жобаларды іске қосу есебінен де қолжеткізілетінін атап өткен жөн.

Бүгінгі таңда 20 жаңа жұмыс орнын құра отырып, жалпы құны 3,3 млрд теңгеден асатын 4 инвестициялық жоба іске асырылу сатысында тұр. Бұл да өнеркәсіптік өндіріс пен инвестицияның өсу динамикасына тікелей әсер етеді.

Сонымен қатар, қаладағы автобазалар жылжымалы құрамды жүйелі түрде жаңартуда, бұл да сайып келгенде инвестицияның өсуіне үлес қосады. Атап айтсақ, жыл басында «ЭкоБус» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің автобустарының жылжымалы құрамы 60 бірлік көлемінде жаңартылған.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жоспарланған көрсеткіштерді қамтамасыз ету бойынша тиісті тапсырмалар берді.

– Облыстық басқармалар, қалалар мен аудандардың әкімдіктері ағымдағы 2025 жылдың қорытындысы бойынша облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық жоспарланған көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз етуі керек. Инвестиция тарту жөніндегі жұмысты жандандыру қажет. Экономика басқармасы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг жүргізу жұмысын жалғастырсын, – деді Ермағанбет Қабулаұлы.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАҒАЙЫНДАУ

Өңірде кадрлық өзгерістер

Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы лауазымына Әнуар Дулатұлы Тюлюбеков тағайындалды.



Әнуар Тюлюбековтің екі жоғары білімі бар. 2015 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетін «агроном» мамандығы бойынша және 2017 жылы академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетін «мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша тәмамдаған.

2015 жылдан бері мемлекеттік қызметте. Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасының жерді пайдалануды жоспарлау және болжау бөлімінің бас маманы болып жұмыс істеді.

2018-2021 жылдар аралығында Қарағанды облысының жер қатынастары басқармасында жер учаскелерін беру және алу бойынша ұсыныстарды дайындау бөлімін басқарды.

2021 жылдан осы күнге дейін Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарды.

Ведомствоның бұрынғы басшысы Саят Мусин басқа қызметке ауысуына байланысты қызметінен босатылды.

Енді Қарағанды облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманы Алма Қабыкенқызы Шалабаева басқарады. Бұған дейін ол облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары болып жұмыс істеген.



Басқарманың бұрынғы басшысы Салтанат Әбеуова зейнеткерлік жасына жеткеннен кейін еңбек демалысына кетті.

Алма Шалабаеваның «қазақ тілі және әдебиеті», «құқықтану» мамандықтары бойынша екі жоғары білімі бар. Еңбек жолын Осакаров ауданы Николаевка ауылындағы мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған.

Мемлекеттік қызметте 25 жылдан астам уақыт – 199 жылдан бері еңбек етіп келеді. Осакаров ауданы әкімі аппаратының басшысы қызметтерін атқарды. Аталған ауданда ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерін басқарған, аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарған.

2025 жылдың қантарынан бастап, осы тағайындауға дейін Қарағанды облысы білім басқармасы басшысының орынбасары болып жұмыс істеді.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Жол мәселесі жолда қалмайды



(Соны. Басы 1-бетте)

Жаңа стандарттар кез келген жолдың климаттық жағдайларға бейімделуін, жүктемеге төзімділігін, экологиялық және технологиялық тиімділігін қатар талап етеді. Цифрлық басқару жүйелері, автоматты бақылау кешендері, смарт-логистика элементтері жол инфрақұрылымына енді. Сонымен қатар, жолдардың жанындағы инфрақұрылым – жаяу жүргінші жолақтары, жарықтандыру, көлік қауіпсіздігін арттыратын белгілер мен қоршаулар – қазіргі замандағы міндетті элементтерге айналды. Бұл талаптар тек көлік ағынын тиімді басқаруға емес, адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Демек, бүгінгі жол – жай ғана қатынас емес, цифрлы, қауіпсіз әрі ұзақмерзімді дамуға жауап беретін стратегиялық инфрақұрылым.

Осы орайда жолғаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мақсат Мұқашевқа жүгінген едік. Спикердің айтуынша, биыл көлік қолжетімділігін жақсартуға әрі жол төсемінің төзімділігін арттыруға баса назар аударылмақ.

– Біз жай ғана жөндеу емес, жоспарлы жаңғырту жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Мысалы, жолдар жоғары жүктемеге төтеп беруі үшін асфальт екі қабат етіп төселеді. Сондай-ақ, «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы бойынша ауылдық жерлердегі жолдар жаңартылу үстінде. Жөндеу жұмыстарымен Абай, Бұқар жырау, Шет және Осакаров аудандарын қоса алғанда, 7

ауданның 24 ауылында 110 шақырымдық жолдарды қамту көзделді. Жоба асфальт төсеуді ғана емес, оған іргелес аумақтарды, жол жиектері мен жиекжолдарды абаттандыруды да қамтиды, – деді Мақсат Мұқашев.

Сонымен қатар, Нұра, «Шеңбербай-Нұра» және Есіл өзендері арқылы өтетін үш көпір қайта жөнделеді. Мәселен, биыл «Қарағанды-Тоғызқудық», «Осакаров-Молодежный» бағыттары және Саран жағына шығу жолдары жаңартылады. Жол беріктігі мен қызмет ету мерзімін арттыру үшін барлық трассаларға екі қабат асфальт төселеді. Жергілікті билік Қарағанды жағына ерекше көзқарас ұстанады. Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Рүстем Қожақапановтың айтуынша, осы жылдың өзінде облыс орталығында 110 шақырымнан астам жол жөнделеді. Бұған жаңа учаскелердің құрылысы мен ескі көшелердің күрделі жөндеуі кіреді.

– Маңызды міндет – нормативтік жағдайдағы жолдардың үлесін 85%-ға дейін жеткізу. Жеке секторды қоса алғанда, барлық аудандарда тиісінше жұмыстар жүргізілуде. Біз жол бойындағы шұңқырлар атаулысын жөндеуді бастап кеттік. Өрмен қарай қаланың негізгі көшелерін қайта жөндеу жұмыстары жүргізілуде, – деп атап өтті ол.

Маңызды нысандардың ішінде Космонавттар деп аталатын әрі Е.Бөкетов, С.Мұқанов көшелерін, мұнымен қатар орамалық жолдарды қайта жаңарту жемісі бар. А.Пичугин мен Четская көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жү-

ргізілуде. Орташа жөндеу Ә.Ермеков, Университет, Н.Назарбаев, С.Е.рубаев, Н.Тоголь, Тәттімбет және өзге де көшелерде жүргізіледі. Оған қоса жол-көлік инфрақұрылымын дамыту үшін 35-ші бағыттағы автожолды қайта құру жобасы әзірленді.

Республикалық маңызы бар негізгі жолдардың 232 шақырымы орташа жөндеумен қамтылмақ. Оның ішінде «Қарағанды-Аягөз-Тарбағатай-Бұғаз», «Астана-Теміртау», «Қызылорда-Жезқазған», «Қарағанды-Шідерті», «Астана-Қарағанды (айналма жолмен) – Алматы». Жол өткелдеріндегі шөгін кеткен тұстарды жою және деформациялық жіктерді жөндеу жоспарлануда. «Жезқазған-Қарағанды» автожолын жөндеуге жобалық-сметалық құжатты әзірлеу амалдары аяқталды. Қайта жаңартудан кейін жол II техникалық санатқа көшіріліп, климаттық тұрғыда орнықты болады. Бұл жыл бойы қолжетімділікті қамтамасыз етіп, жол жүру уақытын қысқартады. Ал, ірі магистральдарда жүк көлігін автоматты түрде өлшеудің қосымша кешендері орнатылады. Яғни, барлық сегіз «нүктені» қамтымақ.

Осы атқарылып жатқан жұмыстар – еліміздің инфрақұрылымдық серпілісінің нақты көрінісі. Жолдардың сапасын арттыру арқылы мемлекет көлік қозғалысын ғана емес, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын, халықтың өмір сүру деңгейін тікелей жақсартып отыр. Қалалар мен ауылдарды байланыстыратын магистральдардың жанаруы – бизнесті жандандырып, логистиканы оңтайландырады, ал

заманауи өлшеу кешендерінің орнатылуы – жүк көлігінің шамадан тыс салмағы салдарынан жолдың ерте бұзылуына жол бермейді. Мұндай жүйелі және кешенді тәсіл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған стратегиялық бағытпен үндесіп, елімізді тұрақты даму жолына жетелейді.

Жол жұмыстарын бақылау күшейтілуде. Сапаға ерекше көңіл бөлінуде. Жол активтері сапасының ұлттық орталығы филиалының бөлім бастығы Манас Тұрап атап өткендей, барлық нысандар міндетті тексеруден өтеді. Қазірдің өзінде 30-ға жуық асфальт зауыты тексерілген. Олардың біреуі ғана тиісті талаптарға толық сәйкес келген. Жол активтерінің сапасын тексеру аспаптық тексерулерді де қамтиды.

– Тексеру қорытындысы бойынша 2024 жылы жөнделген учаскелерде ақаулар анықталған жоқ. Жөндеу жұмыстары осыдан 2-3 жыл бұрын жүргізілген жерде бірқатар кемшіліктер бар. Олардың барлығы бекітілген әрі кепілдік міндеттемелер шеңберінде мердігерлерге жоюға бағытталған, – деп хабарлады Манас Тұрап.

Сонымен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмалары күнделікті жоспар ғана емес, нақты әрекет пен жүйелі өзгерістерге бастар бірегей жол. Бүгінгі жол төсемі – сапалы асфальтпен ғана емес, селкеусіз сенім, тап-тұйнақтай тәртіппен қағидаттарымен негізге алумен төселіп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, жол – тек көлік қатынасының нысаны емес, ол елдің дамуы мен азаматтардың өмір сүру сапасының тікелей көрсеткіші. Орталық өңірдегі 673 шақырым жолдың жөндеуі – ауқымды істің бір бөлігі. Бұл тек тас төсеу емес, ауыл мен қала арасындағы теңдікті қамтамасыз ету, өңірлік байланысты нығайту, экономиканың қан тамырын күшейту. Әсіресе, жиі қолданылатын облысаралық және ауданаралық бағыттардың қамтылуы – күнделікті өмір мен қызметке тікелей әсер ететін маңызды қадам. Бүгінгі жол – ертенгі даму бағдары. Жолы ашық аймақ – елдің болашағына жасалған игілікті инвестиция.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Бахтияр Ғабдоллаұлы АЙЕШОВ



Қарағанды облысы әкімінің аппараты басшысының орынбасары Бахтияр Ғабдоллаұлы Айешов 58 жасында кенеттен дүниеден өтті.

Бахтияр Ғабдоллаұлы 1967 жылы дүниеге келген. 1990 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «құқықтану» мамандығы бойынша, ал 2005 жылы

Қазақстан-Ресей университетін экономика бакалавры дәрежесімен тәмамдаған.

Еңбек жолын 1994 жылы жеке секторда заңгер ретінде бастаған. 1997 жылдан бастап, мемлекеттік қызметке ауысып, бас маманнан бастап, облыс әкімінің аппараты басшысының орынбасарына дейінгі жолдан өтті. Қарағанды облысы мен Қарағанды қаласының атқарушы органдарында жауапты қызметтер атқарып, жоғары кәсібилігімен, принципшілдігімен және адалдығымен ерекшеленді.

2020 жылдың 18 маусымынан бастап Қарағанды облысы әкімінің аппараты басшысының орынбасары қызметін атқарып, мемлекеттік және құқықтық жұмыстарды қадағалады.

Бахтияр Ғабдоллаұлы – тек білікті маман ғана емес, сонымен қатар, мінсіз беделге ие, адамдарға илтипатты, әріптестері мен басшылықтың құрметіне бөленген жан еді.

Оның жарқын бейнесі оны таныған және бірге жұмыс істеген жандардың жүрегінде мәңгі сақталады. Марқұмның отбасы мен жақындарына шын жүректен көңіл айтамыз.

Облыс әкімдігінің басшылығы мен әріптестері

Шет ауданының әкімдігі және аудандық мәслихат Қарағанды облысы әкімінің аппараты басшысының орынбасары **Бахтияр АЙЕШОВТІҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты оның отбасына, туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

№184

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Құндылықтардың қайнары

Нұра кентіндегі М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін мектеп-гимназиясы мұғалімдері мен ұрпақ тәрбиесіне қатысты облыстық деңгейдегі қызметкерлерінің кездесуі өтті. Кездесуді Нұра ауданының ішкі саясат бөлімі ұйымдастырды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуге ата-аналардың «Сенім мен болашақ» республикалық қоғамдық бірлестігі Қарағанды облыстық филиалының директоры Индира Токмұрзина спикер ретінде арнайы шақырылды. Сондай-ақ, Қарағанды облысы әкімінің аппаратының көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі бас инспекторы Ғани Карисова, облыстағы іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Наталья Арыстанова жынға қатысып, мектеп пен отбасындағы тәрбие, ұрпақ болашағы үшін әке мен ананың жауапкершілігі, қоғамдағы зорлық-зомбылық мәселелері жайлы ойларымен бөлісті.

Кездесуге келгендерге Индира Жанұзаққызы отбасылық құн-

дылықтар, саналы ұрпақ тәрбиелеп өсірудің мүмкіндігі, бақытты отбасы моделін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жайлы кеңінен ақпарат берді.

Отбасы – жеке құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы. Балалар санасына ұлттық құндылықтардың маңыздылығын, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, бабалардың даналық сөздерін, тәрбиенің ең жоғары үлгілерін сіңіретін де отбасы. Сондықтан, ұрпақтар сабақтастығынан, отбасындағы тәрбиенен жалғасын табатын құндылықтарға ерекше мән беріп, ұлттың рухани болмысын сақтаудың мәні зор. Осы дәстүр жалғасын тапқанда ғана елімізде ажыраусыздар саны азайып, ата-аналар мен ұрпақтар арасында жарастық орнаған отбасылар қатары көбейе бермек.

Нұра ауданы

Газеттің 19 сәуір, бейсенбі күнгі санындағы «Аққан жүлдыз» атты мақаладағы суреттің жазуы «Нариман Төлепов» болып оқылсын.

• РЕСМИ

Жылыту жүйесінде жаңа тәртіп

Жылыту маусымын дұрыс жүргізбеген әкімдіктерге 6 млн теңгеге дейін айыппұл салынады. Бұл туралы Жоғары аудиторлық палатаның баспасөз қызметінің өкілдері хабарлады.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Жылумен жабдықтау саласын мемлекеттік реттеу және бақылау жүйесіне кешенді өзгерістер енгізілді. Үкімет салаға жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша берілген Жоғары аудиторлық палатаның ұсынымдарын ескере отырып, іс-шараларды күшейт-

ті», – делінген палатаның баспасөз хабарламасында.

Аталған өзгерістер апаттық жағдайлар тәуекелін арттырып, жылу-энергетикалық кешеннің дамуын тежейтін жағымсыз жағдайлардың алдын алуға септігін тигізеді. Бірінші кезекте жылу желілері мен орталықтандырылған жылумен жабдықтауға қатысты бақылау функциялары жергілікті атқарушы

органдардан Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атом және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетіне берілген.

Екіншіден, жылыту кезеңінің тұрақты өтуін қамтамасыз ету үшін әкімшілік жауапкершілік артқан. Жылыту маусымы кезінде қателік жіберген әкімдіктерге мынадай айыппұл қарастырылған. Мәселен, жөндеу жұмыстарын бұзғаны үшін 50 айлық есептік көрсеткіш (АЕК –196600). Қысқы кезеңде отынның нормативтік қорын сақтамағаны үшін 1 000 АЕК (3 932 000). Дайын-

Тау қойнауындағы тарлан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағаланатынын ескертті. Осы орайда өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттыратынын ерекше атады. Аймақтағы «Kazakhmys Coal» ЖШС «Молодежный» разрезінің тау-кен жұмысшысы Маулет Бершімбаев көмірді ұңғылау, жару, игеру жұмыстарымен айналысады.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Теміртау жоғары техникалық оқу орнын сырттай бітіріп, автомобиль мамандығын меңгердім. «Молодежный» разрезінің тау-кен жұмысшысы ретінде жұмыс істегеніме 10 жылдан асып кетті.

Мемлекет басшысының 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауы – еліміздің экономикалық дамуын нығайтуға бағытталған маңызды қадам. Осы орайда еңбекқор адамдардың, кәсіби маманның жұмысы бағаланып, қоғам тарапынан құрметке ие болғаны жақсы. Қарапайым еңбегімен адал табиска жетіп жүрген мамандарға құрмет көрсетуіміз керек, – дейді Маулет Бершімбаев.

Оның айтуынша, бөлімдегі негізгі технология тау-кен жұмыстарын жүргізу аясында орындалады.

– Көп жағдайда белгілі құралдар арқылы көмірді және топырақты жару жұмыстарымен айналысамыз. Жарудың қатарына өндіру, аршу, үйіндіні бұрғылап жару және көлікпен тасымалдау жұмыстары жатады. Жару тәсілі бұрғылауды қолдану арқылы жүзеге асады. Тау жыныстарын бұрғылап қопарудың мөлшерін жалпы кен өндірісіндегі еңбек көлемінің 10-20 пайызын құрайды, – дейді Маулет Бершімбаев.

Тау-кен жұмысшысының айтуынша, қазіргі кезде тау-кен кәсіпорындары қуатты, жоғары өнімді бұрғылау станоктары мен арбалары, экскаватор және тиеу-тасымалдау машиналарымен

жасакталған. Жақсы жарылыс жұмыстарынан пайда болатын бірқалыпты қопарылған кесектер шығымы тасымалдау жұмыстарын 1,5-2 есе жеңілдетеді. Соның нәтижесінде қазбалардың сенімділігі мен қызмет ету уақыты 2-3 есеге артады.

– Жұмыс 8:00-де басталады. Қазіргі таңда силитра және соларқа мен сабынды 100 градуста қайнатып, жару үшін қосымша қолданатын эмульция алумен айналысудамын. Бұлардың қоспасы көмірді алу кезінде қолданылатындықтан, жаруға қосымша күш береді. Жұмыстың осындай қауіпті әрі жауапкершілікке толы тұстары бар. Мысалы, көмірді жаруға қажетті оқ-дәрілер түнгі уақыттарда немесе таңда келеді. Оны қабылдап, түсіріп, тасудың өзі үлкен күшті талап етеді. «30 тонна силитра атасындар» деген тапсырма түскен күні түске дейін басқа, түстен кейін өзге аймақта жүреміз. Жарылыс жасағанда ол жерден 1,5 шақырым алыс болуымыз керек. Жарылғыш заттарды жарылыс жұмыстары жүр-



гізілетін орындарға жеткізу де біздің қызметтің басты талабы. Жарылғыштың одан әрі жұмыс істеуі үшін ұңғыманы дайындай-

мыз. Басқалары блоқты қорғаумен айналыса алады, өткізу жүйесін жүзеге асырады, тәртіпті бақылайды, – дейді ол.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Сондай-ақ, жобаға сәйкес учаскедегі жұмыс жоспарын орындау да оның міндетіне кіреді. Жұмыс өндірісінің технологиялық реттілігінің сақталуын бақылай отырып, нарядтар беру, аяқталған жұмыстарды қабылдау – күнделікті орындалатын жұмыс.

– Жұмыс белгілі жоспарға сай жүреді. Жоспар артығымен орындалса, жалақымыз жоғары. Бүгінде жалақы мөлшері – 400 000. 15 күн істеп, 15 күн дем аламыз. Бұл жұмысты үлкен ниетпен, қызығып істегендер ғана ұзаққа барады, – дейді Маулет Бершімбаев.

Дегенмен, тау-кен жұмыскері шахтаға қызығушылық танытқан жастар болса, көмірді бұрғылап, жару жұмыстарын үйретуге қарсы емес.

– Бастапқыда жастарды көмір орнының ауқымы, алып өлшемдері экскаваторлар алаңдатуы мүмкін. Уақыт өте келе, әрине, бәріне үйреніп кетеді, – дейді тау-кен жұмыскері.

Сурет кейінкер мұрағатынан



Кітап оқыған озады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында: «Озық ойлы ұлт болудың төте жолы – кітап оқу» деп атап өтіп, Ұлттық кітап күнін белгілеуді де ұсынған еді. Биыл сол айтулы дата алғаш рет 23 сәуірде республика көлемінде аталып өткелі отыр. Аталған мереке аясында облыстық Абай атындағы балалар кітапханасы да игі бастаманы қолдап, 17-23 сәуір аралығында дәстүрлі «Балалар кітабы» апталығын өткізуде.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Апталық барысында жас оқырмандарға арналған әдеби кештер, ертегі сағаттары, зияткерлік ойындар мен шығармашылық байқаулар ұйымдастырылады. Әрі жас буынның кітапқа деген қызығушылығын оятуға басымдық беріледі.

Сонымен қатар, балаларға арналған «Медиаджунгли» фактчек-кинг-квест ұйымдастырылды. Квест аясында балалар әдебиеті, отандық және шетелдік анимациялық туындылар мен кино жөнінде қызықты тапсырмалар, сұрақтар ұсынылған. Зияткерлік ойын барысында қатысушылар интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік ережелерімен, ойын әдеби және медианигиена негіздерімен танысып, пайдалы ақпарат алды.

Ал, апталық аясындағы ең ауқымды іс-шара Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналды. Қарағандыдағы Орталық мәдениет және демалыс сабағына үлкен мерекелік кеш өтті.

Бір аптаға жоспарланған іс-шара бала санасына себілген рухани дән іспетті. Ұлттық кітап күнінің дәл осы Балалар кітабы апталығымен тұспа-тұс келуі игілікке бастар үлкен жолдың бастауы.

• ФУТБОЛ

Төрт голмен төрге озды

Футболдан Қазақстан Бірінші Лига ойындарының екінші туры аяқталды. Қарағандылық «Шахтер» өз алаңында елордалық SD Family клубын қабылдап, 4:1 есебімен жеңіске жетті. Осылайша жерлестер көз кездесуде 6 ұпай еншілеп, турнирлік кестеде II орынға көтерілді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әу баста қарағандылықтар Бірінші Лиганың басты фавориттері екенін айтқан едік. Ал, олар лига басталысымен-ақ үздік екендерін көрсетуде. Тіпті, елордалықтарға қарсы өткен ойында қарсыластарға мүмкіндік бермеді.

Төреші допты ойынға қосқаннан бастап қарағандылықтар қарсыластарды қысымға алды. Тіпті, бірінші минуттан шабуылды үдетті. Жартылай қорғаушы Мансұр Ділмұраттың алыстан бағытталған соққысы қақпаға дарымады. Алтыншы минуттағы шабуылшы Арман Нүсіптің тепкен добын қарсылас команда қақпашысы Евгений Ситди-ков еш қиындықсыз қайтарды. Ал,

• ТҰСАУКЕСЕР

Балаларға – «Базарлық»

Абай атындағы облыстық балалар кітапханасында балалар әдебиеті апталығы белгілі жазушы Төкен Әлжантегімен өткен кездесуден басталды. Баспадан жақында ғана шыққан «Базарлық» атты жас оқырмандарға арналған кітаптың тұсауы кесілді.



Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Быттыр жазушы Төкен Әлжантегінің «Қызықтың бәрі ауылда» шығармасы «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығын «Үздік балалар әдебиеті» аталымында жеңімпаз атанған еді.

Мінекей жас өскіндерді тағы бір кітабымен қуанытып отыр.

Жазушы Сүйіндік Жанысбай, балалар кітапханасының басшысы Баян Қуанышқызы салтанатты түрде жаңа кітаптың тұсауын кесіп, жылы лебізін білдірді.

Жазушы Сүйіндік Жанысбай кездесу қонағының шоктығы биік шығармаларына тоқтала өтіп, жаңа кітаптың жас өскіндер үшін таптырмас тәрбие құралына айналатынына сенім білдірді. Сөйтіп, өзінің де жақында шыққан «Алтын тостак» атты ертегілер кітабын тарту етті.

– Кітапхана қорында балаларға ар-

налған қазақ тілінде сапалы, түрлі-түсті кітаптар көбейген сайын оқырман саны да артады. Себебі, кітапханаға алғаш келген бала қызылды-жасылды әдемі безендірілген кітапқа қол созады. «Базарлық» кітабы дәл балалардың талғамына сай шыққан. Кітапхана қорының осындай кітаппен толыққанына өте қуаныштымыз, – деген кітапхана басшысы Баян Қуанышқызы ұжым атынан жазушыға Алғыс хат пен Абайдың бюстің сыйлады.

Шәкірттері атынан сөз алған қаламгер қарындасы Салтанат Смағұл-тегі жазушыға қолсағат, қаламгердің жарына қазақтың жөн-жоралғысымен орамал сыйлады.

Кешке жазушының туған жері Жаңаарқадан да меймандар келіпті.

Жаңаарқа ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің маманы

Жібек Шәріпова, С.Сейфуллин атындағы кітапхана директорының міндетін атқарушы Гүлмайра Жақыпова, кітапханадағы өлкетану жұмысының жетекшісі Зәмзәгул Құрақбайқызы, Б.Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасының кітапханашысы Нұрғайша Шәріпқызы бір-бір ауыз ақ тілегін білдіріп, жерлес жазушыларының нығына есімі бедерленіп жазылған бренд шапан жауып, жарына гүл шоғын табыстады. Осы бір кездесуді ұйымдастырған кітапхана ұжымына да өздерінің естелік сыйлығын тарту етті.

Мұнымен қоса, кездесуде қаламгердің ел аузында жүрген «Жаңаарқа вальсі» әнін Арқаның аяулы әнші қызы Мейрамгүл Кәріпжанова шырқады. Ән әуелеткен соң туындының шығу тарихы да әңгімеге арқау болды.

Жас оқырмандар жазушыға шығармашылығы, жаңа кітабы жөнінде түрлі сұрақ жаудырды. Қаламгер де сүйікті оқырмандарын сағынса керек-ті, әр сауалға жүйелі жауап қайырып отырды. Осылайша, жас оқырмандармен емен-жарқын әңгіме арқылы кештің соңына жеткенін де сезбей қалдық.

Қадірменді қаламгер кеш соңынан жас өрендермен қауыштырған кітапхана ұжымы мен кешті сәтімен тізгіндеген белгілі баспагер, ақын Ерқанат Кеңесбекұлына алғыс білдірді.

Жазушы тағы да балаларға арналған жаңа кітап жазып жатқанын жасырмай, сүйіншіледі. Балалар әдебиетіне қосылған «Базарлық» кітабында жазушының бүлдіршіндерге арналған әңгімелері мен авторлық ертегілері енген. Бұл жөн-жылы шығармалар жас өскіндерді ізгілікке, мейірімділікке үйретеді. Олай болса, жаңа кітап жас оқырмандарының қолынан түспесін!

Сурет ұйымдастырушылардан

• ВОЛЕЙБОЛ

Тартысты тоспадоп

Балқаш қаласының 88 жылдығына орай, волейболдан қала әкімінің кубогы өтті. Ол Балқаш қалалық спорт клубында ұйымдастырылды. Мәқсат – Президент Жолдауын жүзеге асыра отырып, жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттау, спортқа деген құлшынысын арттыру.

Нұрлас КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Спорт бәсекесінің маңызы жоғары. Жастардың спортқа деген қызығушылығын көріп қуанып қалдық. Жеңіс тұғырынан көрінген командаларды құттықтаймыз. Атсалысқан

барша спортшыларға алғысымызды білдіреміз. Қаламызда мәдени-спорттық шаралардың көптеп өте беруіне мүдделіміз, – дейді ұйымдастырушылар.

Жарыс қорытындысында жалпы есеп бойынша әйелдер арасында III орынға «Балқаш-2» командасы,

II орынға «Ағыбай батыр атындағы оқушылар сарайы» командасы, I орынға «Балқаш-1» командалары табып тіреді. Ал, ұлдар арасындағы долада III орынға №10 мектебі, II орынға әл-Фараби атындағы білім ұясы, I орынға №1 мектептің спортшылары ие болды. Қыздар арасында I орынды №1 мектеп, II орынды №7 С.Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиясы, III орынды №2 Абай атындағы лицейдің командалары еншіледі.

БАЛҚАШ

алғашқы айналымда гол салатын бірнеше мүмкіндігі болды. Тіпті, керемет шабуыл да ұйымдастырып берді. Ал, 62-ші минутта өзі гол алып, есепті 3:0-ге жеткізді. Қорғаушы Мансұр Ділмұрат өзіне келген допты алдыңғы шепте жүрген шабуылшы Диасқа әуелете көтерген. Осы тұста қарсылас қақпашысы «Допқа бірінші жетемін» деп ойласа керек, қақпаны тастап допқа ұмтылады. Ал, ол допқа Диас бірінші жетіп, ашық тұрған қақпаға бағыттайды.

Араға төрт минут салып, Арман Нүсіпов есепті 4:0-ге жеткізді. Оң қапталдан ұйымдастырылған шабуылды нәтижелі түйіндеп, ойынға нүкте қойды. Бірақ, ойын соңына дейін алаң иелері бірнеше шабуыл жасады. Бірақ, нәтиже тіркелмеді. 87-ші минутта қорғаушылар қателікке бой алдырып, бір гол өткізіп алды.

Турнирдің көш басында павлодарлық «Ертіс» клубы тұр. Олар да қос ойында алты ұпай еншілеген. Бірақ, гол айырмашылығымен бізден алда. Ал, үздік үштікті ақтаулық «Каспий» түйіндеп тұр. Енді жерлестер 25 сәуірде сырт алаңда алматылық «Хан Тәңірі» клубымен ойнайды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• КЕШ

Арайлым салған ән қандай!

Жақында ғана Арқаның ару әншісі Арайлым Жүкенова «Әнім самға» шығармашылық ән кешін өткізді. Бұл ән концерті бұрынғылардан әсте өзгекрек болды. Тыңдармандарын кеш несінің тек ғажайып дауысы ғана емес, сахнаның ерекшелігі мен кештің жаңа форматы таң қалдырды.



Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әнші Арайлымның кәсіби сахнада жүргеніне 15 жылдан аса уақыт өтіпті. Ән әншінің бағын ашады. «Дудар-ай», «Гаухартас», «Жас қайың» секілді қазақ әндерінің жауһары Арайлымның орындауында халықтың ілтипатына бөленді. Тыңдарманы көп сұрайтын әні «Қараторғайды да» шырқайды.

Арайлым, өнердің өз баласы. Саз да, сөз де жазады. Осы уақытқа дейін 20-дан аса ән жазыпты. Ән жазу өнері мюзикл жазудан басталыпты. Мұнымен қоса, бірнеше республикалық конкурстардың, қалалардың, ауқымды іс-шаралардың гимнін де жазған. Өнерпаздар өз арасында Арайлымды «гимн жазғыш» деп әзілдейді екен.

Туған жерін аңсап, сөзін де, әнін де өзі жазған «Ғажайып мекен» атты әнін белгілі әнші, Мәдениет саласының үздігі Гүлбану Серіковамен қосылып шырқайды. «Арай» квартеті және талантты әнші Дулат Ахановпен де бірігіп, бірнеше ән орындады.

Асқар тау әкесі Панаш Рахымұлы нағыз өнердің жанашыры болыпты. Арайлымды жастайынан жетектеп, өнер алааманына қосқан да әкесі екен.

Әкесінің рухына арнап, ән орындады.

Бала Арайлым үнемі «Үгәй-эй» деп ән айтып өсіпті. Сол бір сағыныш сәттерін есіне алып, «Үгәй» әнін жаңа нұсқада ұсынды. Қазақ ән әлемінде өзіндік қолтаңбасы бар, эстрада жұлдызы, кештің басты қонағы Құрмаш Маханмен дуэт болып ән шырқайды.

Кеште «Әнім самға», «Жұлдыз», «Шексіздік», «Асыл ардағым», «Өмір жолы» секілді әндер шырқалды. «Аққу» фольклорлы-хореографиялық би ансамблі мен «Сүйінші» Би театрының мың бұралас бишілерінің де өнері ән кешінің ажарын ашты.

– Қанша уақыт дайындаған,

күткен кешіміз сәтімен өтті. Бұл – үлкен команда-ның еңбегі. Әуелі, қажеттімен қамтамасыз еткен Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің басшылығына, концерттің бояуын келтіріп, көзге көркем, құлаққа жағымды қыла білген талантты режиссер Абай Қапасовқа, кеш қонағы болып, мені қолдап, әсем әнін, биік есімін арқалап келген Құрмаш Махан ағам, кешті көтеріп тұрған басты тірек, ол – бәнді, шығармашылық командаға, техникалық қызмет көрсету ұжымына алғысымды айтамын. Біз өнерге бір күнде келген жокпыз және бір күнге келген жокпыз. Өнер жолында жүргеніме қатты қуанамын. Мен ұстаздардан жолы болған жанмын. Бойымадағы бір түйір өнердің бүр жарып, өсуіне ықпал еткен сонау бала күнгі ұстаздарымнан бастап, Алматыда мемлекеттік «Гүлдер» ансамбліне қызмет етіп жүргендегі жол көрсетер ұстаздарым, бүгінде өзім қызмет етіп жүрген Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестік қабырғасындағы ұстаздарыма құрметім зор! – дейді мерейі тасыған әнші.

Кеш соңында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқарма басшысының орынбасары Айжан Шәкенова құттықтау лебізін білдіріп, облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденейдің Алғыс хаты мен гүл шоғын табыстады. Мұнымен қоса, қала әкімі Мейрам Қожықовтың да кеш иесіне ықылас гүлі тарту етілді. Арайлым Панашқызы – бірнеше республикалық, халықаралық ән байқауларының жеңімпазы, Қали Байжанов атындағы концерт бірлестіктің әншісі. Өнердің ізіне түсіп, Алматы, Астана асқан жоқ. Қарағандыда жүріп-ақ қазақ әнінің жарық жұлдызына айналды. «Әнім самға» ән кеші соның жарқын дәлеліндей.

Сурет кеш иесінен

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBCZKX БИН 000840001412 Тарапымы 4 725 №43 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР
---	--	---	---	---